САТЫП АЛУ АҚПАРАТ

ТОО «Сатып Алу Ақпарат»
Жибек Жолы 50, БЦ Квартал
Тел.: +7 (727) 273-8381, +7 7089833621
khalyk.kz, hnews.kz

Шығ:№106

14.09.2021 ж.

РММ «Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті»
от ТОО «Сатып Алу Ақпарат»
БИН 120640016913
г.Алматы, ул.Жибек жолы, дом № 50, к.404

"ЗАҢ" Медиа-корпорация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Қапшағай тынысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарсы шағым

"Қапшағай қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі № 6137877-1 "Ақпараттық материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру қызметі бойынша мемлекеттік сатып алуды өткізді. 2021-09-09 жылғы қорытынды хаттамасына сәйкес біздің ұйым "Сатып Алу Ақпарат" ЖШС жеңімпаз болып табылады.

Алайда, "ЗАҢ" Медиа-корпорация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Қапшағай тынысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алу бойынша ашық конкурсқа өз тараптарынан шағымданды. ТОО «Сатып Алу Ақпарат» өз тарапымыздан келіспейтіндігімізді алға тартамыз.

Біріншіден, "ЗАҢ" Медиа-корпорация" ЖШС-нің шағымының бірінші бөлімі шындыққа жанаспайды, себебі конкурстың квалификациялық талаптарына сәйкес тек редактордың еңбек өтілімі 3 жыл болуы тиіс. Біздің ұйымның редакторы Садыкова Г.С. еңбек өтілімі 3 жылдан жоғары екендігін дәлелдеу мақсатында конкурстық құжаттардың ішіне еңбек кітапшасын қоса салған болатынбыз. Журналистер және дизайнер, оператор – программист мамандары бойынша квалификациялық талаптарда еш еңбек өтілімі ұйымдастырушылармен сұралып тұрмағандығын хабарлаймыз.

Екіншіден, алдын ала жіберу хаттамасына және техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес біздің ұйым барлық құжаттарды толықтырып салып, ұйымдастырушылар біздің конкурстық өтінімді заңды түрде конкурсқа жіберіп жеңімпаз деп айқындаған болатын. Шағымда көрсетілген анықтама және тарату қағаздары жалпы танысу үшін конкурстық құжаттамаға қосылғандығын хабарлаймыз. Себебі біздің газет өнімі Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында таратылады.

Ал аталған конкурс бойынша біздің газет өнімі техникалық ерекшелікке сәйкес келісім-шарт жасасқан соң таратылатындығын хабарлаймыз.

Жоғарыда аталған мәліметтердің негізінде, біздің конкурстық өтінімге қарсы жіберілген шағымдарды жосықсыз бәсекелестік деп санап, қорытындылар туралы хаттаманы еш өзгеріссіз қалдыруыңызды сұраймын.

ЖШС «Сатып Алу Ақпарат» директоры **Мырзатаева Д.Т**